

**ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ
ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ
ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ**

УДК 376.42
МРНТИ 14.29.21

DOI 10.51889/2960-1673.2025.81.2.008

Шубаева Г.С.¹, Байдосова Д.К.²
¹к.м.н., ассоциир. профессор galiya.shub@gmail.com
²м.п.н., старший преподаватель dkdina@mail.ru

**ОПРЕДЕЛЕНИЕ ГИГИЕНИЧЕСКИХ НАВЫКОВ ДЕТЕЙ МЛАДШЕГО
ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С НАРУШЕНИЕМ ИНТЕЛЛЕКТА**

Аннотация

В статье отмечается, что одной из актуальных проблем педагогики в настоящее время является поиск эффективных и оптимальных путей повышения знаний и соответствующих навыков учащихся о здравоохранении, его уходе. Это связано с тем, что состояние здоровья молодого поколения из года в год ухудшается.

Этот вопрос требует особого внимания, особенно в области коррекционной педагогики, поскольку всем нам известно, что дети с ограниченными возможностями здоровья не могут самостоятельно познавать составляющие окружающего мира, в том числе ситуации, связанные со здоровьем, и это важная предпосылка приобщения ребенка с ограниченными возможностями знаний и умений к самостоятельной личной жизни.

В специальной педагогике проведен ряд работ, изучавших процесс обучения детей с особыми образовательными потребностями охране здоровья. Разработана программа, технология организации работы коррекционно-развивающего обучения в дошкольных образовательных учреждениях, школе по теме здоровья. Раскрыты особенности представлений детей о здоровом образе жизни, разработана технология формирования такого понятия, определена модель взаимоотношений между субъектами воспитательно-образовательного процесса.

Ключевые слова: здоровье, беседа, интеллектуальное нарушение, школьный возраст, дети, гигиена, определение.

Г.С. Шубаева¹, Д.К. Байдосова²
¹м.ғ.к., қауым профессор galiya.shub@gmail.com
²п.ғ.м., аға оқытушы dkdina@mail.ru

**ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ
БАЛАЛАРДЫҢ ГИГИЕНАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН АНЫҚТАУ**

Аңдатпа

Мақалада қазіргі кезде педагогикадағы өзекті мәселелердің бірі денсаулық сақтау, оның күтімі жайлы оқушылардың білімі мен соған сәйкес дағдыларын жоғарылатудың тиімді және оңтайлы жолдарын іздестіру болып табыладығы айтылады. Бұл жас буынның денсаулық жағдайының жылдан-жылға нашарлап бара жатқандығына байланысты.

Бұл мәселе, әсіресе, түзету педагогикасы саласында ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені зият кемістігі бар балалардың өз бетінше қоршаған әлемнің құрамдас бөліктерін, соның

ішінде денсаулыққа қатысты жағдайларды танып, тәжірибе жинақтай алмауына, ал бұл білім мен дағдылардың мүмкіншілігі шектеулі баланың өзіндік жеке өмірге қосылуының маңызды алғышарты екендігі барлығымызға мәлім. Арнайы педагогикада білім берудегі ерекше қажеттілігі бар балаларға денсаулық сақтауға үйрету үрдісін зерттеген бірқатар жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, мектепте денсаулық тақырыбы бойынша түзете-дамыта оқыту жұмысын ұйымдастыру бағдарламасы, технологиясы жасап шығарылған. Зият аутқуы бар балалардың салауатты өмір салты туралы түсініктерінің ерекшеліктері ашылып, сондай ұғым қалыптастырудың технологиясы жасалды, тәрбиелеу-білім беру үрдісінің субъектілері арасындағы қарым-қатынас моделі анықталды.

Түйінді сөздер: денсаулық, әңгімелесу, зият зақымдалған, мектеп жасындағы, балалар, гигиена, анықтау.

Shubayeva Galiya¹, Baidosova Dinara²

¹PhD (Medical Sciences), Associate Professor, galiya.shub@gmail.com

²Senior Lecturer, Master of Pedagogical Sciences dkdina@mail.ru

DETERMINATION OF HYGIENE SKILLS OF CHILDREN OF PRIMARY SCHOOL AGE WITH INTELLECTUAL DISABILITY

Abstract

The article notes that one of the current urgent problems of pedagogy is the search for effective and optimal ways to improve students' knowledge and relevant skills about healthcare and its care. This is due to the fact that the health status of the younger generation is deteriorating from year to year.

This issue requires special attention, especially in the field of correctional pedagogy, since we all know that children with disabilities cannot independently learn about the components of the world around them, including health-related situations, and this is an important prerequisite for introducing a child with disabilities to knowledge and skills to an independent personal life.

A number of studies have been conducted in special pedagogy that have studied the process of teaching children with special educational needs to protect their health. A program and technology for organizing correctional and developmental education in preschool educational institutions and schools on the topic of health have been developed. The features of children's ideas about a healthy lifestyle are revealed, a technology for the formation of such a concept is developed, and a model of the relationship between the subjects of the educational process is defined.

Keywords: health, conversation, intellectual disability, school age, children, hygiene, definition.

Өзектілігі

Қазіргі кезде педагогикадағы өзекті мәселелердің бірі денсаулық сақтау, оның күтімі жайлы оқушылардың білімі мен соған сәйкес дағдыларын жоғарылатудың тиімді және оңтайлы жолдарын іздестіру болып табылады, бұл жас буынның денсаулық жағдайының жылдан-жылға нашарлап бара жатқандығына байланысты.

Бұл мәселе, әсіресе, түзету педагогикасы саласында ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені зият кемістігі бар балалардың өз бетінше қоршаған әлемнің құрамдас бөліктерін, соның ішінде денсаулыққа қатысты жағдайларды танып, тәжірибе жинақтай алмауына, ал бұл білім мен дағдылардың мүмкіншілігі шектеулі баланың өзіндік жеке өмірге қосылуының маңызды алғышарты екендігі барлығымызға мәлім.

Арнайы педагогикада білім берудегі ерекше қажеттілігі бар балаларға денсаулық сақтауға үйрету үрдісін зерттеген бірқатар жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, мектепте денсаулық тақырыбы бойынша түзете-дамыта оқыту жұмысын ұйымдастыру бағдарламасы, технологиясы жасап шығарылған. Зият аутқуы бар балалардың салауатты өмір салты туралы түсініктерінің ерекшеліктері ашылып, сондай ұғым қалыптастырудың технологиясы жасалды, тәрбиелеу-білім беру үрдісінің субъектілері арасындағы қарым-қатынас моделі

анықталды. Арнайы (түзетуші) мектеп оқушыларына қатысты, яғни зият кемістігі бар оқушыларды жаратылыстану және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабақтарында оқыту мәселесіне орай зерттеулерінде олардың тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, алғашқы көмек көрсету тарапындағы дағдыларының жеткіліксіз деңгейде қалыптасқаны көрсетілген.

Осы мәселенің теориялық және практикалық жағынан шешілуі қажеттігін, осы салада өткізілген ғылыми зерттеулердің өмірге кеңінен енгізіліп, пайдаланылуы қажеттігін түсіне отырып, біз зерттеуімізді осы тақырыпқа арнадық.

Материалдар мен әдістері:

Зерттеудің алдында біз келесі мәселелерді қорғауға шығардық:

- арнайы білім беру мекемесі оқушыларының салауатты өмір салты жайлы, денсаулығын нығайтудағы өзінің жеке басының рөлі туралы білімінің қалыптасу деңгейі жеткіліксіз.

- зият кемістігі бар балаларды салауатты өмір салтына және санитарлық-гигиеналық дағдыларды үйретуді жетілдіру үшін педагогтың мектеп дәрігерімен және тәрбиешілермен тығыз қарым-қатынаста біріге отырып жұмыс істеуі маңызды болып табылады.

Бастапқыда біз осы мәселе айналасындағы әдебиетке, ғылыми зерттеулерге шолу, талдау жасадық. Онда көптеген тың шешімдер ұсынылып, нақты ұсыныстар мен нұсқауларды таптық, алайда олардың арнайы білім беру мекемелерінде күнделікті жұмыс барысында қолданылуы әлі де шектеулі екендігін, кең қолданыс таппағандығын байқадық.

Арнайы білім беру мекемесінің бастауыш сынып оқушыларының жеке бас тазалығы дағдыларын меңгеру деңгейін зерттеу әдістемесі

Жоғарыда жасаған тұжырымымызды дәлелдеу үшін зерттеуіміздің екінші кезеңінде арнайы білім беру мекемесі оқушыларының денсаулық, жеке бас тазалығын сақтау, өзіне санитарлық-гигиеналық күтім жасау жайлы білімдері мен дағдыларының жағдайын (санитарлық-гигиеналық дағдылар негізінің мазмұндық және әрекеттік компоненттерін) тексердік.

Зерттеу Алматы қаласындағы даму интеллектуалдық қабілеті төмен балаларға арналған № 7 арнайы (түзету) мектеп-интернаты базасында ұйымдастырылды, оған 4-сыныптың 22 оқушысы қатысты. Балалардың барлығының негізгі диагнозы, яғни зият деңгейіне қарай, бірдей болды: F70 – жеңіл ақыл-ой кемістігі. Балалардың басым бөлігі – 60% III денсаулық тобына жатқызылған, ал қалғандары (40%) II денсаулық тобына жатқызылған. Бұл әдебиетте кездесетін мәліметтерге сәйкес келеді, III денсаулық тобына компенсация сатысындағы, яғни организмнің функционалдық мүмкіндіктері сақталған, созылмалы ауруы бар балалар жатқызылатыны белгілі [66]. Қазіргі кезде орта мектеп оқушыларының арасында II денсаулық тобы басым болып отыр, ал арнайы білім беру мекемесі оқушыларында қосымша патология жиі кездесетіндігі белгілі.

Оқушылардың неврологиялық диагноздарына тоқталсақ, 22 баланың ішінде 13 оқушыда гипертензиялық-гидроцефалдық синдром, 4 балада микроцефалия және 5 балада астено-невроздық синдром анықталған. Психикалық тараптағы өзгерістеріне сипаттама берсек, бір балада зейін тапшылығы синдромы мен гиперактивтілік; бір балада ұйқы бұзылыстары мен психопатия тәрізді синдром анықталған.

Соматикалық аурулары бойынша 14 бала, яғни басым бөлігі созылмалы ауруларына байланысты диспансерлік есепте тұр. Соның ішінде 9 балада созылмалы тонзиллит, 3 балада созылмалы пиелонефрит, 2 балада созылмалы аденоидит диагнозы қойылған. Сонымен қатар 3 балада сколиоз, 1 балада гидронефроз диагноздары анықталған. Туа біткен ақыл-ой кемістігі бар балаларға полиоргандық патологияның тән екендігі, яғни организмнің бір емес бірнеше жүйесі тарапынан түрлі туа біткен ақаулар болатындығы белгілі. Біз қарастырған балаларда да осындай дененің әртүрлі мүшелеріндегі даму кемістіктері немесе созылмалы ауруларға бейімділік байқалды. Зерттеуге қатысқан оқушылардың арасында 10 оқушы жиі ауыратын балаларға жатқызылды, өйткені жылына 4 реттен артық жедел респираторлы инфекциялармен ауырады. Балалардың осындай медициналық диагноздарына ерекше тоқталған себебіміз, олардың өз басында болған дерттер денсаулыққа деген, оны нығайту үшін салауатты өмір салтын ұстану қажет екендігін түсінуі үшін күшті ынталандырушы фактор болып табылады. Сондай-ақ мұндай мүмкіндіктері шектеулі балаларға денсаулық туралы білім мен дағдылардың қажеттілігі аса

жоғары екендігін көрсетеді. Туа біткен кемістіктермен балалар өмір бойы қалатындықтан, жылдар өткен сайын денсаулығын одан әрі нашарлатып алмай, үнемі біреудің көмегіне жалтақтамай, қолынан келетін күтім дағдыларын өз бетімен пайдалана білудің маңызы өте зор.

Осы зерттеуге қатыстырылған арнайы білім беру мекемесінің оқушылары салауатты өмір салты, өзіне-өзі күтім жасау жайлы қосымша сабақтарға қатысты, сонда олардың бастапқы және соңғы біліміне баға берілді.

Оқушылардың білім деңгейін зерттеу және бағалау барысында біз оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес 4-сыныпта балалар меңгеруі тиіс білім және дағдылар көлемін ескердік. Диагностика кезінде біз кеңінен танымал әдістеме бойынша әңгімелесу сұрақтарын құрас-тырдық.

Оқушылардағы санитарлық-гигиеналық дағдылар, салауатты өмір салты негіздерінің мазмұндық және әрекеттік компоненттерінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатындағы әңгімелесуді біз екіге бөлдік: №1 және №2 әңгімелесу.

№1 әңгімелесудің мақсаты оқушылардың денсаулыққа күтім жасау туралы білім деңгейін және соған қатысты дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау болды.

№2 әңгімелесудің мақсатын «денсаулық» және «салауатты өмір салты» ұғымдары туралы оқушылардың білім деңгейін анықтау деп алдық.

Оқушылардағы санитарлық-гигиеналық дағдылар, салауатты өмір салты негіздерінің мазмұндық және әрекеттік компоненттерінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатындағы әңгімелесу

№1 әңгімелесу

Мақсаты: оқушылардың денсаулыққа күтім жасау туралы білім деңгейін және соған қатысты дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау

1. «Ауа-райына қарай киіну» дегенді қалай түсінесің?
2. Не үшін адамдар ауа-райына сәйкес киінуі керек?
3. Сен өзің ауа-райына сәйкес киінесің бе? Жауабыңды түсіндір.
4. «Күн тәртібі» дегеніміз не?
5. Күн тәртібін не үшін сақтау қажет?
6. Сен күні бойы не істейтініңді айтып берші, ал демалыс күндерінде ше? Өз күн тәртібіңді құрастыр.
7. Адам ағзасына қандай азық-түліктер пайдалы, ал қандайлары зиянды екенін білесің бе?
8. Сен күніне неше рет тамақтанасың?
9. Сен азық-түлікті қалай сатып алатыныңды айтып және көрсетіп бер.
10. Таңертеңгі дене шынықтыру не үшін қажет?
11. Таңертеңгі дене шынықтыруды орындау ережелері туралы айтып бер.
12. Сен таңертеңгі дене шынықтыруды жасайсың ба?
13. Оны қалай жасайтыныңды көрсет.
14. Адам ағзасының ішкі мүшелерін ата.
15. Адамның дене мүшелерінің маңызы және өзара байланысы туралы айтып бер.
16. Сен қандай гигиеналық ережелерді білесің?
17. Тісті күніне неше рет тазалау қажет?
18. Қолды қай кезде және неліктен жуу керек?
19. Көздеріңе қандай күтім жасайсың?
20. Сен қаншалықты жиі шомылып тұрасың?
21. Сен басқа адамның тарағын, тіс щеткасын, бет орамалын қолданасың ба?

Бағалау критерийлері:

- дұрыс әрі толық жауап – 3 балл;
- дұрыс бірақ толық емес жауап – 2 балл;
- дұрыс емес жауап немесе мүлдем жауап бермеу – 1 балл.

Баллдар жиынтығы:

- 31-44 дұрыс білімге сәйкес келеді;
- 26-30 толық емес дұрыс білімге сәйкес келеді;
- 16-25 дұрыс емес білімге сәйкес келеді

Келесі сұрақтарға берілген жауаптар дағдылардың қалыптасуын, яғни білімнің іске асуын көрсетеді: 3, 6, 8, 9, 12, 13, 20, 21.

№2 әңгімелесу

Мақсаты: «денсаулық» және «салауатты өмір салты» ұғымдары туралы оқушылардың білім деңгейін анықтау.

1. Денсаулық дегеніміз не?
2. Адам өзінің денсаулығына қалай күтім жасай алады?
3. Сен өз денсаулығыңды қалай күтесің? Денсаулықты неліктен сақтау қажет?
4. Денсаулықты сақтау және нығайту ережелерін сен қайдан біле аласың?
5. «Салауатты өмір салты» дегеніміз не?
6. Салауатты өмір салтының ережелерін ата.
7. Сенің денсаулығыңа кім күтім, қамқорлық жасауы керек?

Бағалау критерийлері:

- дұрыс әрі толық жауап – 3 балл;
- дұрыс бірақ толық емес жауап – 2 балл;
- дұрыс емес жауап немесе мүлдем жауап бермеу – 1 балл.

Баллдар жиынтығы:

- 19-21 дұрыс білімге сәйкес келеді;
- 11-18 толық емес дұрыс білімге сәйкес келеді;
- 7-10 дұрыс емес білімге сәйкес келеді

«№1 әңгімелесу» тамақтану, қимыл-қозғалыс белсенділігі, гигиена ережелері жайлы білім деңгейін, сонымен қатар денсаулыққа қатысты жалпыға мәлім түсініктер мен ұғымдарды түсіну деңгейін, соған сәйкес дағдылардың қаншалықты қалыптасқанын зерттеуге бағытталған бірнеше топқа топтастырылған сұрақтардан тұрды.

Оқушылардың мұндай сұрақтарға жауап беруін біздің талдау себебіміз, олардың үнемі ересек адамдардан денсаулықты сақтаудың ережелерін орындау туралы талаптарды естиді, ал оның барлығын балалар қаншалықты ұғынып, оларды орындай алатындығы бізді қызықтырды. Мысалы, «ауа райына сәйкес киіну», «күн тәртібін сақтау» сияқты түсініктерді ұғыну дәрежесін байқадық. Оқушылардың білім деңгейін бағалауда біз оқу бағдарламасына сәйкес олардың меңгеруі қажет білім мен дағдылар көлемін ескеріп отырдық.

«№2 әңгімелесу» оқушылардың нақты «денсаулық» және «салауатты өмір салты» ұғымдары жайлы білім деңгейін анықтауға арналған сұрақтардан құралды. Мұндай білім оқушылардың кейінгі оқу кезеңдерінде алатын денсаулық саласындағы білімдерінің түп негізі болып табылады. Оларды түсінбесе, қалған білімі шашыраңқы, жүйесіз болып қалады. Сондықтан да зият кемістігі бар балалардың осы ұғымдармен қаншалықты таныс екендігін, қалай түсінетіндерін анықтау маңызды деп есептедік.

Осы өткізілген зерттеуде жоғарыда айтылған тақырыптарға қатысты мазмұндық және әрекеттік компоненттерінің қалыптасу деңгейін анықтауда біз педагог А.В. Румянцева құрастырып, ұсынған критерийлерді пайдаландық және оларды біздің зерттеуіміздің мақсатына сәйкес бейімдедік.

Білім және әрекет дағдыларының қалыптасу деңгейін оқушылардың тапсырмаларды дұрыс орындауына қарай жинаған баллдарының жиынтығы бойынша анықтадық. Орындалған тапсырмаларды мазмұндық және әрекеттік жағынан бағалау критерийлері:

- салыстырмалы жоғары деңгей (3 балл) – оқушы барлық тиісті белгілерді (құрамдас бөліктерді) көрсетіп, маңызды өзара байланыстарды ашады; білімі дұрыс әрекеттерге әкеледі;
- орташа деңгей (2 балл) – оқушы маңызды белгілердің (құрамдас бөліктердің) тек бір бөлігін ғана ашады, олардың арасындағы өзара байланысты көрсетуде қиналады, білімі ішінара дұрыс әрекеттерге жетектейді;

• төмен деңгей (1 балл) – оқушы маңызды белгілерді (құрамдас бөліктерді) аша алмайды, немесе ауыстырып көрсетеді, білімі дұрыс әрекеттер тудырмайды немесе бұрыс әрекеттерге жетектейді.

Бұл кезеңдегі зерттеу әр баламен жеке дара өткізілді; балалардың барлық пікірі тіркеліп, қажет болған жағдайда ұйымдастырушы көмек көрсетілді.

4-сынып оқушыларының орташа жасы 10-12 жас болды, бұл жас кезеңінде зият кемістігі бар балалардың алған білімін ұғыну деңгейі артып, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау қабілеті жоғарылайды және арнайы білім беру нәтижесіндегі оң динамика ұлғая түседі. Сондықтан 4-сыныптағы оқыту үрдісі зият кемістігі бар балалардың біртұтас түсініктер мен ұғымдар қалыптастыруға, соның негізінде сәйкес дағдыларды бекітуге өте қолайлы да оңтайлы кезең болып табылады.

2.3 Зерттеу эксперименттің өткізу, нәтижелерін талдау

№1 әңгімелесу нәтижесі бойынша, бірінші топтама сұрақтарына берілген жауаптарда 9 бала ғана «ауа райына сәйкес киіну» түсінігін жартылай ашты. Олардың жауаптары толық болмады, яғни тек бір белгіге негізделді («қыста жылы киіну керек»), «жазда тонмен емес, жейдемен жүру керек»), 3 оқушы бұл сұрақтарға жауап беруге қиналатынын айтты. Осы ережені қалай сақтайтыны туралы сұраққа 20 бала ауа райына сәйкес киінемін деген жауап берді.

Күн тәртібіне қатысты сұрақтар топтамасына берілген жауаптарды талдай келе мынандай нәтиже байқалды: 18 оқушы алмастыру негізінде жауап берді («күн тәртібі дегеніміз – бұл дүйсенбі, сейсенбі және т.с.с.», («күн тәртібі – бұл таңертең, түс, кеш»), 9 оқушы толық емес жауап берді («бұл түн болғанда ұйықтау қажет екендігі», «күн тәртібін сақтағанда тамақ ішу керек, ұйқтауға жату керек»).

«Күн тәртібін не үшін сақтау керек?» деген сауалға 20 бала жауап бере алды. Соның ішінде барлығы дерлік «өзіңе жақсы болу үшін» деген жалпылама жауап айтты. Оқушылар өзінің күн тәртібін сипаттау барысында суреттерге сүйене отырып, оқу күндерін дұрыс сипаттаса, демалыс күндерін сипаттауға келгенде қиналды.

Келесі сұрақтар топтамасы дұрыс тамақтануға қатысты болды. Нәтижелерге келсек, 10 оқушы пайдалы және зиянды тағам түрлерін атады, ал қалған 12 оқушы тек пайдалы өнімдерді ғана атап өтті. Зиянды тағамдық өнімдердің ішінде «чипсы», «майлы тамақ», «піспеген тамақ» деген жауаптар кездесті, ал пайдалы тағамдардың ішінде көкөністер мен жеміс-жидектер аталды, мұндай бір-екі тамақты ғана атаған жауаптарды біз дұрыс, бірақ толық емес деп бағаладық. Әңгімелесу көрсеткендей, үйде болған кезде балалардың барлығы дерлік тамақтану тәртібін бұзатындығы анықталды. Сондай-ақ дүкенге бару импровизациясын өткізу барысында балалардың денсаулыққа жағымсыз өнімдерді көп таңдайтыны көңіл аударды (тәтті, газды сусындар, түрлі жасанды қоспалар қосылатын өнімдер – чипсы, «кириешки», жылдам тамақтану өнімдері – «fast food» және т.б.).

Қозғалыс белсенділігіне қатысты сұрақтарға жауап беру кезінде мынандай нәтиже алынды: барлық балалар таңертеңгілік гимнастика жаттығуларын орындайтынын және оның не үшін қажет екендігін айтып, түсіндіре алды, бірақ жаттығулардың түрлері мен ретін 15 оқушы ғана көрсете білді.

Адам денесінің құрылысы туралы сұрақтарға жауап бергенде 11 оқушы дұрыс әрі толық жауап берді, 10 бала толық емес, ал 4 бала жауап бере алмады. Негізгі дене мүшелерінің қызметін 12 оқушы түсіндірді, ал қалған 10 оқушы бір-екі мүшенің не үшін қажет екендігін айта алды.

Қандай гигиеналық ережелерді білетіні жайлы сұраққа 5 оқушы да «қол жуу керек» деген жауап берді. Толық жауап бере алмау оқушылармен сөздік қорын арттыру бағытында жұмыс жүргізу керектігін көрсетті. Тісті күніне 2 рет тазалау керек екендігін 17 оқушы айтты, қалған 5 бала «күнде тазалау керек» деген жауап берді. Шомылу туралы сұраққа барлық балалар аптасына 1 рет шомылып тұрамыз деген жауап берді.

Басқа адамның тарағын, тіс щеткасын, бет орамалын пайдалануға болмайтынын барлық оқушы айтты, бірақ кейде ата-анасының тарағын қолданатынын 8 оқушы айтты.

Жалпы алғанда, №1 әңгімелесу барысында алынған нәтижелер бойынша оқушылардың денсаулыққа байланысты жалпыға мәлім түсініктердің өзін толық түсінбеуі, оны тілмен айтып

жеткізу деңгейі жеткіліксіз екендігі, денсаулыққа күтім жасау ережелерін сақтаудың маңыздылығын ұғыну деңгейінің жеткіліксіздігі, сондай-ақ оларды орындау дағдыларын қалыптастыруда қосымша жұмыс жүргізуді талап ететіндігі анықталды.

№2 әңгімелесу сауалдарына берілген жауаптарға келсек, «денсаулық» ұғымының маңызы туралы сұраққа кейбір оқушылар «денсаулық денсаулық үшін қажет» деп жауап берді, бұл денсаулықтың өмір үшін аса маңызды екенін түсінбейтінін көрсетті. Денсаулыққа күтім жасаудың қарапайым түрлері жайлы олар «тамақтану», «ұйықтау», «қол жуу» қажет деді. Кейбір оқушылар «денсаулық деген жақсы», «ауырмау үшін қажет» деген жауаптар берді. Ал кейбір оқушылар салыстырмалы толық жауап берді: «денсаулық – бұл күш, қуаныш», «адам ауырмаған кез», «спортпен шұғылдану», «организм мықты болғанда». Оқушылардың денсаулыққа қалай күтім жасау керектігі жайлы түсінігі тар, бірбеткей екендігі байқалды. Көбінесе балалар денсаулық күтімінің 1-2 тәсілін ғана атады, олардың арасындағы себеп-салдарлық байланысты көрсеткен жоқ: «спортпен шұғылдану», «емделу, дәрі ішу», «жақсы киіну», «суық су ішпеу», «қатты жүгірмеу», «темекі тартпау», «күн тәртібін сақтау», «өз-өзіңе қарау», «жеміс-жидек жеу», «инемен дәрі салу».

Денсаулық жайлы білім көзі ретінде оқушылар кітаптарды, теледидарды, дәрігерлерді және мұғалімдерді айтты. Ересектер оқушылардан денсаулықты сақтауға бағытталған ережелерді орындауды талап ететіндігі, бірақ оның не үшін керек екендігіне, неге олай болатындығына аса мән бермейтіндігі анықталды. Оқушылардың өз тарапынан және үлкен адамдар тарапынан денсаулығын күту әрекеттері қандай болу керектігі туралы дұрыс емес пікір қалыптасқа. Мысалы, олар ересектердің бала денсаулығына күтімі «мейірімділікке», «дәрі іш деп айтуға», «далаға барып таза ауа жұт деп айтуға», «ақыл үйретуге» сайып келеді.

Салауатты өмір салты туралы тек бірен-саран оқушы ғана естігендігі, бірақ бұл сөз тіркесінің нақты мағынасын ешбір оқушы білмейтіндігі анықталды. Бұл «дұрыс өмір сүру», «жақсы тамақтану», «адамның денешынықтыру жасауы» деген жауаптар тіркелді.

Әңгімелесу нәтижесінде денсаулық пен салауатты өмір салты жайлы оқушылардың белгілі бір көлемдегі білімі ата-аналардың, мұғалімдердің, тәрбиешілердің және дәрігердің үнемі айта-тын үйретуі, қойылатын талаптары түрінде көрініс алатындығы туралы түйін жасауға болады. Бұл талаптарды оқушылардың орындау ынтасының қалыптасуына септігін тигізбейді, әсіресе ересектер тарапынан қадағалау әлсіреген уақытта. Мысалы оқушылардың барлығы денені тік ұстау керектігін біледі, бірақ басым көпшілігі орындықта дұрыс отырмайды, қисайып жүреді және т.с.с.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, денсаулық тақырыбына өз басында созылмалы ауруы бар балалардың қызығушылығы мен түсініктерінің қалыптасу деңгейінің салыстырмалы жоғары екендігі анықталды. Оқушылар денсаулықтың өмірдегі маңызын және оны сақтаудағы өзінің рөлін толық ұғынбаған. Сол себепті оқыту кезінде берілген әр түсініктің мазмұны мен мағынасын толық ашып, әр оқушының жеке дара өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып үйреткен материалдың қажеттілігін көрсетіп отыру керек. Оқытудың тиімділігін арттыру үшін мұғалімнің айтқанын меңгеруге танымдық ынталану, қызығушылық тудыру керек.

Сонымен, зерттеу нәтижесінде арнайы білім беру мекемесі оқушыларының денсаулық жайлы білімін кеңейтіп, дағдыларын бекіту қажеттігі, ал салауатты өмір салты туралы түсінігін қалыптастыру қажеттігі анықталды. Зерттеу оқушылардың өз денсаулығына деген өздерінің жауапкершілігін арттырып, сапасын жақсартуға бағытталған қосымша жұмыс өткізу қажеттілігін дәлелдеді.


Тапсырмаларды орындау бойынша нәтижелер 2-кестеде берілген. Кестеден көріп отырғанымыздай, денсаулыққа, денесіне күтім жасау, санитарлық-гигиеналық дағдылар бойынша №1 әңгімелесу нәтижелеріне қарап, зерттеудің бастапқы кезеңінде оқушылардың бесеуі ғана салыстырмалы жоғары деңгей көрсетті. Сол сияқты балалардың үшеуі ғана денсаулық және салауатты өмір салты туралы біртұтас түсініктері салыстырмалы жоғары дәрежеде болатындай нәтиже көрсетті, 8 баланың бұл саладағы білімі мен дағдылары орташа және 11 балада төменболды, мұны біз кестедегі №2 әңгімелесу нәтижелерінен байқай аламыз (1-сурет және 2-сурет).

Оқыту үрдісі – жүйелі білім қалыптастырудың қуатты күші. Салауатты өмір салтын ұстануға балаларды үйрету үшін тек міндетті пәндердің сабақтары жеткіліксіз екені көрініп тұр. Ол үшін сонымен қатар қосымша сабақтан тыс және мектептен тыс өткізілетін жан-жақты шаралар қажет. Ондай шаралар мектептерде әртүрлі жиілікпен өткізіледі, ал оқыту тиімділігін арттыру үшін әртүрлі мамандардың өзара тығыз байланыста жұмылып қызмет етуін қамтамасыз ету қажет. Оқушыларда тұрақты қажеттілік пен қызығушылық қалыптаспағандығы, ал білімнің негізінен формальды түрде қабылданатыны, сондықтан қажетті дағдыларға сирек ұласатыны байқалып отыр. Осы туралы Л.В.Баль былай деп жазады: "Қазіргі мектепте бала салауатты өмір салты туралы білім алатын, өмірге қажетті дағдыларға үйренетін бірқатар оқу пәндері бар. Бірақ баланың шынайы өмірінен алшақ, формальды түрде болғандықтан оларды оқушының өзі аз қолданады. Білу – бұл әлі әрдайым пайдалану емес».


Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, оқушылардың басым көпшілігінде денсаулықты бағалау, ол туралы жаңа білім алуға деген оң ынталанудың төмен екендігі байқалды. Салауатты өмір салты негіздерінің, санитарлық-гигиеналық дағдыларының мазмұндық және әрекеттік деңгейлерін салыстыру кезінде зият кемістігі бар балалардың денсаулық туралы біртұтас ұғымын қалыптастырып, дағдыларын бекіту үшін арнайы педагогикалық жағдай жасау қажетті анықталды. Барлық арнайы білім беру мекемелерінде денсаулық мәселесіне арналған тақырыптық шаралар өткізіледі, соның ішінде маман-дәрігерлердің дәрістері, сынып сағаттары, денсаулық күндері мен апталықтары. Алайда мұндай шаралар мезімді түрде емес, араға көп уақыт салып өткізіледі. Мысалы, оқушылардың зиянды әдеттерге әуестенуіне жол бермеу үшін тоқсанына бір рет «Салауатты өмір салтын сақтау» тақырыбындағы сынып сағаттары жүргізіледі. Бұл зият кемістігі бар балалар үшін жеткіліксіз деп санаймыз.

*2-кесте. Арнайы білім беру мекемесінің 4-сынып оқушыларында
санитарлық-гигиеналық дағдылар, салауатты өмір салты негіздерінің мазмұндық
және әрекеттік компоненттерінің қалыптасу деңгейі*

№1 әңгімелесу нәтижелері бойынша		
Деңгейі	Баллдар жиынтығы	Оқушылар саны
Салыстырмалы жоғары	31-44	5
Орташа	26-30	9
Төмен	16-25	8
№2 әңгімелесу нәтижелері бойынша		
Деңгейі	Баллдар жиынтығы	Оқушылар саны
Салыстырмалы жоғары	19-21	3
Орташа	11-18	8
Төмен	7-10	11



Сурет 1. №1 әңгімелесу нәтижелері бойынша зерттеуге қатысқан балалардағы гигиеналық дағдылардың қалыптасу деңгейі



Сурет 2. №2 әңгімелесу нәтижелері бойынша зерттеуге қатысқан Балалардағы гигиеналық дағдылардың қалыптасу деңгейі

Дәрігер-мамандардың дәрістері өзінің мазмұны мен берілу тәсілдері бойынша зият жетіспеушілігі бар балаларға бейімделмеген болып келеді. Мұндай шаралар оқушыларды тек сыртқы көрінісімен қызықтырады, бірақ белгіленген мәселелерді шынайы ұғыну төмен деңгейде қалып қояды. Білім таратудың мұндай әдістерін арнайы білім беру мекемесі оқушыларына бейімдеу қажет екендігі айғақты. Сондықтан осы орайда сабақтан тыс, факультативті сабақтарды да қолдануға болады. Сонымен ата-аналардың балаға білім беру мен тәрбиелеу ісіндегі рөлінің өте маңызды екенін ескере отырып, оларға да нұсқаулар беру арқылы ынталандыру қажеттігі сөзсіз. Біздің зерттеуіміздің нәтижесінде алынған мәліметтер зият кемістігі бар балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарында қажет болады деген сенімдеміз. Мүмкіншілігі шектеулі балалардың өмірде, әлеуметтік ортада бейімделу, өз орнын табу мәселелерінде маңызды көмек болады деп ойлаймыз.

Арнайы білім беру мекемесі оқушыларының жеке бас тазалығын сақтаужайлы білімі және дағдыларын меңгеру деңгейін жоғарылатудың жаңа жолдарын іздестіру қажеттігі бүгінгі таңдағы медицина мен арнайы педагогиканың түйісуіндегі өзекті мәселе екені сөзсіз. Осы орайда зият кемістігі бар балаларды денсаулығына күтім жасауға үйрету және дағдыландыру сапасын арттырудың маңызы ерекше, өйткені олардың қосымша аурулары көптеп кездеседі, олар зиянды әдеттерге тез салынады, сыртқы ықпалдарға тез еліктегіш келеді және денсаулыққа күтім жасау керектігін өз бетінше ұғып, түсінуі қиын. Сондықтан жалпы мектептермен қатар, арнайы білім беру мекемелерінде де оқушылардың өз денсаулығы тарапындағы құзыреттілігін арттыру өте қажет болып табылады.

Қорытынды

Қазіргі кезде педагогикадағы өзекті мәселелердің бірі денсаулық сақтау, оның күтімі жайлы оқушылардың білімі мен соған сәйкес дағдыларын жоғарылатудың тиімді және оңтайлы жолдарын іздестіру болып табылады, бұл жас буынның денсаулық жағдайының жылдан-жылға нашарлап бара жатқандығына байланысты.

Бұл мәселе, әсіресе, түзету педагогикасы саласында ерекше назар аударуды қажет етеді, өйткені зият кемістігі бар балалардың өз бетінше қоршаған әлемнің құрамдас бөліктерін, соның ішінде денсаулыққа қатысты жағдайларды танып, тәжірибе жинақтай алмауына, ал бұл білім мен дағдылардың мүмкіншілігі шектеулі баланың өзіндік жеке өмірге қосылуының маңызды алғышарты екендігі барлығымызға мәлім.

Арнайы педагогикада білім берудегі ерекше қажеттілігі бар балаларға денсаулық сақтауға үйрету үрдісін зерттеген бірқатар жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде, мектепте денсаулық тақырыбы бойынша түзете-дамыта оқыту жұмысын ұйымдастыру бағдарламасы, технологиясы жасап шығарылған. Зият аутқуы бар балалардың салауатты өмір салты туралы түсініктерінің ерекшеліктері ашылып, сондай ұғым қалыптастырудың технологиясы жасалды, тәрбиелеу-білім беру үрдісінің субъектілері арасындағы қарым-қатынас моделі анықталды. Арнайы (түзетуші) мектеп оқушыларына қатысты, яғни зият кемістігі бар оқушыларды жаратылыстану және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабақтарында оқыту мәселесіне орай зерттеулерінде олардың тазалық сақтау, дұрыс тамақтану, алғашқы көмек көрсету тарапындағы дағдыларының жеткіліксіз деңгейде қалыптасқаны көрсетілген.

Осы мәселенің теориялық және практикалық жағынан шешілуі қажеттігін, осы салада өткізілген ғылыми зерттеулердің өмірге кеңінен енгізіліп, пайдаланылуы қажеттігін түсіне отырып, біз зерттеуімізді осы тақырыпқа арнадық.

Зерттеудің алдында біз келесі мәселелерді қорғауға шығардық:

- арнайы білім беру мекемесі оқушыларының салауатты өмір салты жайлы, денсаулығын нығайтудағы өзінің жеке басының рөлі туралы білімінің қалыптасу деңгейі жеткіліксіз.
- зият кемістігі бар балаларды салауатты өмір салтына және санитарлық-гигиеналық дағдыларды үйретуді жетілдіру үшін педагогтың мектеп дәрігерімен және тәрбиешілермен тығыз қарым-қатынаста біріге отырып жұмыс істеуі маңызды болып табылады.

Бастапқыда біз осы мәселе айналасындағы әдебиетке, ғылыми зерттеулерге шолу, талдау жасадық. Онда көптеген тың шешімдер ұсынылып, нақты ұсыныстар мен нұсқауларды таптық, алайда олардың арнайы білім беру мекемелерінде күнделікті жұмыс барысында қолданылуы әлі де шектеулі екендігін, кең қолданыс таппағандығын байқадық.

Жұмыс барысында ең алдымен «денсаулық» және «салауатты өмір салты» деген, түпнегіз болып саналатын ұғымдарға психологиялық-педагогикалық әдебиетте берілген анықтамаларды зерттедік және оларды зият кемістігі бар оқушылардың қаншалықты меңгере алатындығы туралы мәліметтер іздедік. Жиналған мәліметтер бойынша, біздің елімізде оған көп мән беріледі. Салауатты өмір салтының негізінде адамның қажеттіліктеріне бағытталған жүйелі жүріс-тұрысы, жалпы өмірге деген көзқарасы, тұлғалық құндылықтары жатады. Осы мәліметтер арнайы білім беру мекемесі оқушыларын салауатты өмір салтының негіздеріне үйрету барысында олардың денсаулық туралы біртұтас түсініктерін дамытып, оған деген құндылық ретіндегі көзқарастарын қалыптастыру, оған күтім жасап, сақтауға деген талпыныстарын ояту қажеттігін анықтады. Қазіргі таңда жалпы мектеп болсын, арнайы білім беру мекемесі болсын, оқыту үрдісінде барлық оқушыларға қандай да бір саладағы білім (акпарат) жиынтығын беріп қана қоймай, әртүрлі саладағы білімдерін біріктіріп, жинақтап, түсініктер, ұғымдар қалыптастыру қажет деген бағыт негізге алынып отыр.

Анықтаушы эксперимент кезінде арнайы білім беру мекемелеріне арналған типтік оқу бағдарламаларының денсаулық тақырыптарын қамтитын пәндеріне талдау жасалынды, 4-сынып оқушыларының денсаулық туралы, салауатты өмір салты туралы негізгі білімдерінің деңгейі анықталды. Оқушылардағы санитарлық-гигиеналық дағдылар, салауатты өмір салты негіздерінің мазмұндық және әрекеттік компоненттерінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында әңгіме-

лесу жүргізілді. Оның бір бөлігінде оқушылардың денсаулыққа күтім жасау туралы білім деңгейін және соған қатысты дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау мақсаты көзделді. Ал екінші бөлігінде «денсаулық» және «салауатты өмір салты» ұғымдары туралы оқушылардың білім деңгейін анықтау мақсаты қойылды.

Өткізілген зерттеу нәтижелері оқушыларды салауатты өмір салты негіздеріне оқытудың тиімділігін арттыруға бағытталған қосымша жұмыстарды ұйымдастыру қажет екендігін көрсетті.

Сонымен, өткізілген зерттеу қорғауға шығарылған жайттардың дұрыс екендігін дәлелдеді және келесідей қорытынды түйіндемелер мен ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді:

1. Оқушыларды денсаулықты күту дағдыларына үйрету мәселесін әдебиетке шолу жасап, талдау нәтижесінде арнайы білім беру мекемелерінің негізгі бағдарламаларында осы сұрақтардың қамтылғаны анықталды, бірақ олардың мазмұнын толықтыратын қосымша сабақтан тыс шаралар ұйымдастыру мүмкіндігін пайдалануға болады.

2. Зият кемістігі бар оқушылардың денсаулыққа күтім жасау саласындағы білімдері мен дағдыларына баға беру критерийлеріне олардың мазмұндық және әрекеттік компоненттерін (білімінің дұрыстығын, толықтығын, әрекеттілігін) жатқызуға болады. Арнайы білім беру мекемесі оқушыларының салауатты өмір салты негіздерін меңгеруі төмен деңгейлігімен, теориялық білімін практикалық әрекеттерге ұластыру қиындығымен, балалардың өз денсаулығының маңызын және оны сақтаумен нығайтудағы өз басының рөлін жете түсінбеуімен сипатталады.

3. Арнайы білім беру мекемесінің оқу бағдарламасының мазмұнын толықтыратын жеке бас тазалығын сақтауға бағытталған педагогтың тәрбиешілермен және мектеп дәрігерімен бірлесе отырып жүргізетін қосымша шаралар жүргізу қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Мартыненко А.В., Валентик Ю.В., Полесский В.А. и др. *Формирование здорового образа жизни молодежи*. - М.: Медицина, 2015.
2. Марьясис Е.Д., Ахвердова А.Г. – *Уроки семейной жизни*. – Ставрополь: Ставропольское книжное издательство, 2013. – 49с.
3. Матвеев А.А. Мельников С.Б. *Методика физического воспитания с основами теории* М., Просвещение 2015
4. Мотылянская Р.Э., Каплан Э.Я. *Двигательная активность – важное условие здорового образа жизни // Теория и практика физической культуры*, 2014, № 1, с. 14 – 24.
5. Полиевский А. *Физкультура и закаливание в семье*. М., Медицина 2014.
6. Соловьёв Г.М. *Биосоциальные проблемы ЗОЖ. /уч пособ. Ставрополь*, 2015.
7. Сухарев А.Г. *Здоровье и физическое воспитание детей и подростков*. - М.: Медицина, 2014. - 270 с.
8. Трещева О.Л. *Системная организация валеологического образования школьников //Теор. и практ. физ. культ.*, 2015, № 8, с. 8-11.
9. Хрипкова А.Г., Антропова М.В., Фарбер Д.А. *Возрастная физиология и школьная гигиена: Учебн. пос. для студентов пед. ин-тов*. – М.: Просвещение, 2015. – 320с.
10. Чумаков Б.Н. *Валеология. Курс лекций*. М., Просвещение 2015
11. Щедрин А.Г. *Онтогенез и теория здоровья*. - Новосибирск: Наука, 2014. - 136 с.
12. Яблоков А.В. *Здоровье человека и окружающая среда*. - М. 2015.
13. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ресми сайты: www.who.int/
ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми сайты: <http://www.mzsr.gov.kz>
14. Ресей Федерациясының Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайты: www.minzdravsoc.ru/